

3. Nicola M. et al. The socio-economic implications of the coronavirus pandemic (COVID-19): A review // International Journal of Surgery. 2020. No. 78. P. 185–193
4. Страны ЕС на фоне начала летнего сезона начали открывать внутренние границы. URL: <https://www.interfax.ru/world/713205>.
5. IATA. URL: <https://www.iata.org/>.
6. Туризм - https://innoagency.ru/files/Tourism_Prognoz_Covid19.pdf

ӘОЖ338.48

ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМІНІҢ БҮГІНІ МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Нұрмағанбетқызы Нұрдана
nurdanan@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің студенті, 4 курс Ғылыми жетекші –
Муталиева Ляйля Маратовна, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі таңда Қазақстанда туризмді кластерлік аймақтар бойынша дамыту кеңінен қолға алынуда. Бұл өз кезегінде туризмді шашыраңқы сипатта емес, керісінше белгілі бір реттіленген жүйе бойынша дамытуға мүмкіндік береді. Туристік кластер бұл – туристік аймақтардың бір немесе бірнеше учаскелерінде орналасқан туристік-рекреациялық арнайы экономикалық аймақтардың жиынтығы. Туристік кластерлердің негізгі сипаттамалары:

- туризм индустриясында және сабақтас салаларда (мемлекеттік-жеке меншік әріптестік, қауымдастықтар, одақтар және т. б. нысанында) жұмыс істейтін туристік кластер субъектілері (кәсіпкерлік құрылымдар, билік органдары және мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар) арасында кооперацияның болуы;

- туристік кластер субъектілерінің қалыптасқан туристік инфрақұрылымы (туристік кластер объектісі) бар туристік орындар орналасқан аумақтың туристік ресурстарын бірлесіп пайдалануы;


- туристік кластер қатысушылары арасында тік (туризм индустриясының азық-түлік тізбегінің ішінде) және көлденең өзара байланыстардың (өнім турын өндіру процесіне қатысатын құрылымдар арасында) болуы;

- кластер объектілері мен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудан, сондай-ақ өңірдің туристік өнімін қалыптастыру, ілгерілету және өткізу есебінен рекреациялық қажеттіліктерді қанағаттандырудан тұратын туристік кластердің жұмыс істеуінің бірыңғай мақсатының болуы.

Түркістан аймағының туристік кластері мәдени-танымдық, экологиялық және емдеу-сауықтыру туризмін дамытуға бағытталған. Мақаланың маңызды бөлігі аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін арттыруды қамтамасыз ететін Түркістан туристік кластерінің бәсекеге қабілетті туристік индустриясын құру мүмкіндіктерін айқындау болып табылады.

Kursiv.kz сайтының деректері бойынша 2018 жылдың алты айында Түркістанға 720 мыңға жуық адам келді. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 57,2% - ға өсті. Жалпы, жоспарланған жұмыстардың нәтижесінде, оның ішінде туристік индустрияны дамытудың 2018-2025 жылдарға арналған арнайы әзірленген тұжырымдамасы аясында аймаққа келетін туристер санын 5 миллионға жеткізу жоспарлануда. Жоспарға сәйкес, бірінші кезекте Түркістанның ежелгі қоныстарының бірі – Күлтөбе қалашығы қайта жаңғыртылатын болады. Әбілмәмбет ханның, Тәуке ханның ортағасырлық Жұма мешіті және басқа да бірқатар объектілер толық қалпына келтірілу үстінде. Сонымен қатар, Түркістанның тарихи құндылықтарын сақтауға, одан әрі абаттандыруға, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін сақтауға және әкімшілік-іскерлік орталық құруға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Облыс әкімдігінің мәліметіне сәйкес, өткен жылы Түркістанға 1,2 млн адам келген. Сонымен қатар, соңғы бес жылда Түркістанға келетін туристер мен қажылық мақсаттағы туристер саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, Түркістан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және туризм бөлімінің ақпараты бойынша,

2013 жылы қалаға 725,2 мың адам, 2014 жылы - 944,5 мың, 2015 жылы - 981,3 мың, 2016 жылы – 1,06 млн турист келген.



1.1. –сурет. 2015-2019 жылдар аралығында орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген туристер саны

Жоғарыдағы суретте көріп отырғанымыздай, Түркістан аймағындағы барлық орналастыру орындары бойынша, қызмет көрсетілген туристер саны 2015 жылы 3 802 225-ті құраса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 415 557-ге артып, 4 217 782-ні құрады. Тиісінше, 2017 жылы одан да жоғары деңгей көрсетіп, 5 279 406 болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 247 458-ге артты. Қарап отырсақ, жылдар бойынша келген туристер санында белгілі бір деңгейде өсім бар. Бұл тиісінше аймақтың негізгі туристік әл-ауқатының молдығы мен туристік саласындағы алға ілгерілеуіндегі оң жетістіктердің дәлелі іспеттес.

Аймақтың туризміндегі осы әлеуетті зерттеу тұрғысынан Түркістан туристік кластері аумағында төменде көрсетілген туризм түрлерін дамытуға болады:

1) экскурсиялық мақсаттармен ұжымдық баруға, сондай-ақ кәсіпорындар мен мекемелер қызметкерлерінің демалуға арналған туристік аймақтарға сапарларына негізделген иентенсивті туризм, туризмнің осы түрінің келешегі негізінен туристік қызметтерге тұтынушылық сұраныстың құрылымымен айқындалады;

2) мамандандырылған туризм: лицензиялық ғылыми (қала және аудан аумағында археологиялық қазбалар, тарихи-мәдени ескерткіштер базасында зерттеу жұмыстарын жүргізу), қазақ тілін оқытуды, ескерткіштерді қалпына келтіруді, этнографияны, тарихты зерделеуді, археологиялық экспедициялар жүргізуді көздейтін ғылыми және оқу туризмі, сондай-ақ мамандандырылған туризмнің басқа да түрлері;

3) сәулет, тарих, әдебиет, археологияның көптеген ескерткіштерін қамтитын аймақтың үлкен танымдық әлеуетіне деген қызығушылыққа негізделген мәдени-танымдық туризм. Ескерткіштер мен көрсету объектілерінің техникалық жай-күйін тиісті жағдайда ұстау, көрсету объектілеріне тарихи-сәулеттік бағалау жүргізу, тарихи мұра объектілерін туристік бағдарламаларды қалыптастыру кезінде пайдалану;

4) демалыс күндерінің маршруттары. Туризмнің бұл түрін дамыту қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрлерін, мерекелерін, тұрмысы мен мәдениетін танымал етумен қатар, құрылысы туризмді дамытудың түрлі бағдарламаларында (аймақта туристік ауылдар салу) көзделген дербес объектілерде ерекше сәтті жүргізілетін болады);

5) әлеуетті туристердің халықтың шынайы өміріне қызығушылығына, халықтық дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, шығармашылықпен және мәдениетпен танысуға негізделген этнографиялық туризм. Осыған байланысты тарихи ғимараттарды халықтық мәдениет пен өмір элементтеріне негізделген іс-шараларды өткізу үшін тірі декорация ретінде пайдалану перспективалы болып табылады;

б) қаланың мәдени немесе рухани өмірінің қандай да бір оқиғасын пайдалана отырып, туристердің жаппай контингентін тартуға сүйенетін оқиғалық туризм. Оқиғалық туризм бағдарламасын қалыптастыру (фестивальдар, байқаулар, қалалық мерекелер және т.б.). Жылдың негізгі оқиғасын әзірлеу және ол туралы уақтылы хабардар ету, Қазақстанның және шет елдердің көптеген қатысушылары мен қонақтарын тартатын қаланың мәдени, ғылыми, рухани өмірінде маңызды ірі іс-шараларды, жаңа мерекелік бағдарламаларды, конференцияларды, конгрестерді, дөңгелек үстелдерді әзірлеу және өткізу.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған туризм формасын жүзеге асыратын қажылар мен туристер санының өсуі сервистік қызметтерге, тамақтануға және орналастыру қызметіне сұраныстың артуына әкеледі. Түркістан қаласының аумағынан тыс орналасқан тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін таныстыруға және оларға баруға қызығушылық пайда болады. Мұның бәрі туризм аймағын кеңейтуге ықпал етеді. Қазіргі уақытта туристік объектілерге туристік тартымдылық беру үшін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді талап ететін тарихи-мәдени мұраның елеулі ресурстары бар Түркістан қаласының және оның маңындағы аумақтар кіретін Түркістан туристік кластері аймағындағы қажылық пен туризм аралын қарастыру заңды болып табылады.

Артықшылықтар	Кемшіліктер
<ul style="list-style-type: none"> - көрмелер, семинарлар және тақырыптық конференциялар өткізу мүмкіндігі; - республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіштердің болуы; - туризмді дамытуға жәрдемдесетін қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың болуы; - діни жоспар іс-шараларын өткізу; - макроөңірлік туристік өнімді ілгерілету шеңберінде Түркістан облысының өзге де өңірлерімен бірлескен жобаларды іске асыру; - мақсатты өңірлік саясат жүргізу арқылы қаланың туристік индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттыру. 	<ul style="list-style-type: none"> - айлық жалақы көрсеткішінің ең аз мөлшері; - білікті кадрлардың жетіспеушілігімен бірге туристік индустрияның мемлекеттік және муниципалды кәсіпорындарының кәсіпкерлері мен басшыларының басым көпшілігінде кәсіби дайындықтың болмауы; - арнайы тағылымдамалар мен даярлау (қайта даярлау) бағдарламаларының, атап айтқанда гидтер мен экскурсоводтардың аз саны.
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> - туристерді тартуға мүмкіндік беретін қолайлы географиялық жағдай; - жоғары төлемге қабілетті сұраныс және туристік қызметтерге өңірлік сұранысты қалыптастыруға ықпал ететін облыстағы тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдай; - қолда бар туристік ресурстар мен инфрақұрылымды тиімді пайдалану кезінде туристік қызметтер нарығын өсіру мүмкіндігі; - Түркістан туристік кластерінің туристік инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыру үшін шетелдік және қазақстандық инвесторларды тарту; - Түркістан қаласының Қазақстанның рухани, мәдени және туристік орталығы ретінде танылған әлемдік қажылық және туризм орталықтары деңгейінде даму 	<ul style="list-style-type: none"> - ҚР туристік өңірлері арасында өсіп келе жатқан бәсекелестік; - аумақтың экологиялық жай-күйіне залал келтіру; - көрсетілетін қызметтердің төмен деңгейіне және олардың жоғары бағасына байланысты көрші өңірлер мен шетелге шығу туризмін күшейту.

<p>деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ету мүмкіндігі;</p> <ul style="list-style-type: none"> - азаматтардың тарихи-мәдени мұраға қызығушылығының артуы; - Түркістан қаласын ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне әлемдік деңгейдегі рухани, мәдени және туристік орталық ретінде енгізуге үміткер болу мүмкіндігі. 	
---	--

1.1.– кесте. Түркістан туристік кластерінің даму әлеуетіне SWOT-талдау

Қазіргі Түркістан аймағының көрікті жерлерінің әртүрлілігі туризмнің 3 негізгі бағытын дамытуға мүмкіндік береді. Олар: мәдени-танымдық, емдік-сауықтыру және экологиялық. Мәдени-тарихи және рекреациялық аймақтарды дамыту мен сақтау мақсатында, сондай-ақ туристік өнімді ілгерілету мақсатында мынадай шараларды іске асыру қажет:

- облыстың мәдени-тарихи және табиғи-рекреациялық ресурстарын сақтауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;
- халық арасында туризм құндылықтарын насихаттауды және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды жүзеге асыру;
- тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, сондай-ақ қоршаған ортаны және өзге де туристік ресурстарды қорғау жөнінде шаралар қабылдау;
- туристік қызметтер нарығындағы сұраныс пен ұсыныс нарығын зерттеу мақсатында облыста туризмді дамыту мониторингін жүргізу;
- облыста туризмнің мамандандырылған түрлерін (экологиялық, ауылдық, балалар мен жасөспірімдер, спорттық-сауықтыру, мәдени-танымдық және т. б.) дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- өңірде әлеуметтік және көркемөнерпаздар туризмін дамытуды қамтамасыз ету;
- туристерге тарихи-мәдени ескерткіштермен танысуға мүмкіндік беретін жаңа бағыттарды әзірлеу;
- ішкі және сыртқы нарықтарда туристік өнімді жарнамалық-ақпараттық ілгерілетуді қамтамасыз ету;
- шет елдермен және ТМД елдерімен туризм саласындағы ынтымақтастық мәселелерін шешу.

Экологиялық туризмді дамытуға барынша әртараптандырылған тәсіл енгізу ұсынылды. Жергілікті альпинизм федерациясы мен инвесторларға рафтинг, демалыс турлары, экстремалды ойын-сауық ұйымдастыру ұсынылады. Мәселен, жақында Төлеби ауданының Ақмешіт шатқалында пилоттық жоба — зиплайн деп аталатын арқан бойынша экстремалды еңіс іске қосылды. Жалпы, барлық бағыттар мен негізгі туристік инвестициялық жобалар аймақтық туристік картада көрсетілген. Логистика, инфрақұрылым, цифрландыруды енгізу мәселелерін бірінші кезекте шешу қажет. Қала туристер үшін де, жергілікті тұрғындар үшін де ыңғайлы болатындай етіп жоспарлануы керек. Түркістан «ақылды» және қауіпсіз қалаға айналуға тиіс, сонда оған тұрақты инвестициялар ағыны жүретін болады. Бүгінде осы жоспарлардың кейбірі пысықталып, іске асырылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Анализ состояния туристской отрасли Туркестанского туристского кольца [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://articlekz.com/article/8536>
2. Чем будет привлекать туристов Туркестан? [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://kapital.kz/lifestyle/72071/chem-budet-privlekat-turistov-turkestan.html>
3. Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электронды қор]. Кіру тәртібі: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/8>
4. Развитие туризма в Казахстане: Туркестан ждет миллионного туриста [Электронды қор]. Кіру тәртібі: <https://kursiv.kz/news/otraslevye-temy/2018-10/razvitie-turizma-v-kazakhstan-turkestan-zhdet-millionnogo-turista>